

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің сапа бағытындағы саясаты

М.Өтемісов атындағы БҚУ – ҚР ҒЖБМ талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын іске асыратын және өз қызметін ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде құзыретті жоғары кәсіби тұлғаны қалыптастыруға бағытталған Лиссабон конвенциясы мен Болон декларациясының талаптарына сәйкес жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жоғары оқу орны.

БҚУ миссиясы

Қазақстанның алдыңғы қатарлы өңірлік университетінің дәстүрлеріне негізделген білімді қалыптастыру, көбейту, қоғамға жеткізу және білім алушыларды әлеуметтік ортаға бейімдеу.

Көрінісі

Сұранысқа ие мамандарды даярлау әрі әлеуметтік ортаға бейімдеу мақсатында білім, ғылым және өндірісті интеграциялау арқылы университеттің тұрақты дамуы.

Стратегиялық мақсаты

Сұранысқа ие білім беру бағдарламаларын жүргізу, заманға сай ғылым-білім ортасын қалыптастыру, оқытудың тәжірибеге бағытталған технологиялары, жұмыс берушілермен бірлескен іс-қимыл, ғылыми-зерттеу қызметі мен интернационалдандыруды кеңейту арқылы Қазақстанның адами капиталын дамытуға үлес қосу.

Стратегиялық міндеттері

1. Цифрлық технологиялардың дамуын ескере отырып, болашақтың экономикасы үшін нарық сұранысына сай құзыреттерге ие, креативті ойлай алатын және кәсіпкерлік дағдыларға ие білікті кадрлар даярлауды қамтамасыз ету;
2. Сабақтастық және тұрақты оқыту қағидаттарын қамтамасыз ету, білім алушылардың барлық санаттарына сапалы білім беру үшін тең жағдай жасау;
3. Университетте сапаны қамтамасыз етудің тиімді ішкі-сыртқы жүйесін қалыптастыру және дамыту;
4. Сұранысқа ие білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жетілдіру. Студентке бағытталған және тәжірибеде қолдануға бағытталған оқыту жүйесін дамыту;
5. Университеттің ғылыми-педагогикалық кадрларын даярлау және қайта даярлау жүйесін жетілдіру, талант-менеджментті дамыту;
6. Қолданбалы зерттеулерге бағытталған ЖОО ішіндегі, бірлескен және халықаралық ғылыми жобалар арқылы ЖОО-ның ғылыми әлеуетін дамыту. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын кешенді түрде дамыту;
7. ЖОО құрылымының тиімді және сапалы қызметін қамтамасыз ету үшін оны отандық және шетелдік жетекші жоғары оқу орындарының тәжірибесін пайдалана отырып жетілдіру;
8. Жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеу бағытында білім алушылармен жүйелі жұмыс жүргізу, олардың бойында патриоттық сезім, биік адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру, оларды рухани-адамгершілік құндылықтар мен салауатты өмір салты мәдениетін нығайтуға қызықтыру;
9. Университеттің басқару және қаржылық қамтамасыз ету жүйесінің ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз ету;
10. Университеттің материалдық-техникалық базасын нығайту, оқу үшін қауіпсіз және жайлы орта қалыптастыру, ғылым-білім инфрақұрылымын жаңғырту және цифрландыру, білім алушыларды жатақханалармен қамтамасыз ету.

**Біздің ұранымыз: «БҚУ-бұл уақытпен сыналған сапа,
болашаққа бастар табыс кілті!»**